

**"Медициналық қызметтер көрсету сапасының ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 173 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 28 маусымдағы № 568 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 28 шілдеде № 14026 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-230/2020 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 03.12.2020 № ҚР ДСМ-230/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 58-бабының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Медициналық көрсетілетін қызметтер сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 173 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 10880 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 12 мамырда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Медициналық көрсетілетін қызметтер сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру мен жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) қол қойылған күнінен бастап осы бұйрықтың көшірмелерін баспа және электронды түрде бес жұмыс күні ішінде бір данада мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің

эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі А.В. Цойға жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Қағидалардың 35-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау және

әлеуметтік даму министрі

Т. Дүйсенова

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Қ. Бишімбаев

2016 жылғы 30 маусым

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрінің  
2016 жылғы 28 маусымдағы  
№ 568 бұйрығына  
қосымша

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрінің  
2015 жылғы 27 наурыздағы  
№ 173 бұйрығымен  
бекітілген

## **Медициналық көрсетілетін қызметтер сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру және жүргізу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Медициналық көрсетілген қызметтер сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру және жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 58-бабына сәйкес әзірленді және меншік нысаны мен ведомстволық тиістілігіне қарамастан денсаулық сақтау субъектілері көрсететін медициналық қызметтердің сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ауруханаішілік комиссиялар – денсаулық сақтау ұйымдарында (инфекциялық бақылау комиссиялары, асқынған және өлім жағдайларын қарау жөніндегі комиссиялар) құрылатын комиссиялар;

2) ағымдағы талдау – сараптама жүргізу кезінде медициналық көрсетілетін қызметтерді алатын пациенттердің медициналық құжаттамасын зерделеу негізінде талдау жүргізу;

3) денсаулық сақтау саласындағы стандарт (бұдан әрі - Стандарт) - медициналық, фармацевтикалық қызмет, медициналық және фармацевтикалық білім беру саласындағы қағидаларды, жалпы қағидаттар мен сипаттамаларды белгілейтін нормативтік құқықтық акт;

4) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім беру, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы, медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

5) емделіп шыққан жағдай – пациентке емделуге түскен кезден емделіп шыққанға дейін стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын жағдайда медициналық көрсетілетін қызметтер кешені;

6) клиникалық аудит – денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға және клиникалық хаттамаларға сәйкестік мәніне жүргізілген емдеу-диагностикалық іс-шаралардың егжей-тегжейлі ретроспективалық және (немесе) кезекті талдауы;

7) клиникалық хаттама – белгілі бір ауру немесе клиникалық жағдай кезінде пациентке медициналық көмек көрсетуге қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін құжат;

8) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті (бұдан әрі – МФҚБК) – медициналық қызметтерді көрсету және дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласында реттеу, өткізу және бақылау функцияларын жүзеге асыратын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның ведомствосы;

9) медициналық қызмет көрсету кемістіктері (бұдан әрі – кемістіктер) денсаулық сақтау саласындағы стандарттардың орындалмауын және клиникалық хаттамалардың сақталмайтынын айқындайтын медициналық көмек көрсету тәртібінің, емдеу-диагностикалық іс-шаралардың бұзылуы;

10) медициналық көрсетілетін қызметтер – нақты адамға қатысты профилактикалық, диагностикалық, емдеу немесе оңалту бағыты бар денсаулық сақтау субъектілерінің іс-әрекеті;

11) медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау индикаторлары (бұдан әрі – бағалау индикаторлары):

құрылым индикаторларын – кадр, қаржы және техникалық ресурстармен қамтамасыз ету көрсеткіштері;

процесс индикаторларын – профилактика, диагностика, емдеу және оңалту технологияларының орындалуын бағалау көрсеткіштері;

нәтиже индикаторларын – денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмек көрсетуі немесе көрсетпеуі нәтижесіндегі денсаулыққа әсер етуі мүмкін салдарды бағалау көрсеткіштерін қамтитын медициналық қызметтердің денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкестігінің және толықтығының, тиімділігінің көрсеткіштері;

12) медициналық көрсетілетін көмектің сапасын басқару – денсаулық сақтау ұйымының қызметін жоспарлауды, ұйымдастыруды, уәждеуді, ішкі аудитті, сондай-ақ, медициналық көмек сапасын жақсарту мен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін және қызметтің кемшіліктерін алдын алуға және жоюға бағытталған басқа да шараларды қамтитын үздіксіз, өзара байланысты іс-қимылдың жүйелі, тәуелсіз және құжаттамаланған процесі;

13) медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасына сараптама (бұдан әрі – сараптама) – тиімділігі, толықтығы мен медициналық қызметтердің денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкестігінің көрсеткішін айқындайтын медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау индикаторларын пайдалана отырып, жеке және заңды тұлғалар ұсынатын медициналық көрсетілетін қызметтер сапасының деңгейі жөнінде қорытынды шығару үшін жүзеге асырылатын ұйымдастыру, талдамалық және практикалық іс-шаралардың жиынтығы;

14) мониторинг – басқарудың үздіксіз процесінде уақытылы және барабар шешімдер қабылдау үшін қолдау көрсету нәтижелеріне қол жеткізуді іске асыру барысында денсаулық сақтау ұйымдарының құрылымдық бөлімшелерінің қызметі туралы жүйелі түрде ақпаратты жинау процесі;

15) пациенттерді қолдау және ішкі бақылау (аудит) қызметі (бұдан әрі – Қызмет) – медициналық қызметті көрсету сапасын басқару бойынша қызметті іске асыратын денсаулық сақтау ұйымының құрылымдық бөлімшесі;

16) ретроспективалық талдау – сараптама жүргізу кезінде медициналық көмек алған пациенттердің медициналық құжаттамаларын зерделеу негізінде талдау;

17) сыртқы индикаторлар – медициналық көрсетілетін қызметтің сапасын бағалау мен талдау жүргізу мақсатында денсаулық сақтау саласындағы сыртқы сараптамада қолданылатын денсаулық сақтау субъектісінің медициналық қызметінің сәйкестігін және толықтығын, тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштер;

18) тәуелсіз сарапшы – денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне тәуелсіз сараптама жүргізу үшін белгіленген тәртіпте аккредителген жеке тұлға;

19) тәуелсіз сараптама – медициналық көрсетілетін қызметтердің Стандарттарға сәйкестік және толықтық, тиімділік көрсеткіштерін айқындайтын индикаторларды қолдана отырып, денсаулық сақтау субъектілері ұсынатын, медициналық көрсетілетін қызметтің сапа деңгейі туралы қорытынды шығару мақсатында сыртқы сараптама шеңберінде тәуелсіз сарапшылар жүргізетін рәсім;

20) ішкі индикаторлар – денсаулық сақтау ұйымының әрбір құрылымдық бөлімшесінің медициналық қызметінің толықтығын, тиімділігін сипаттайтын медициналық қызмет сапасын бағалау және талдау жүргізу мақсатында ішкі сараптамада қолданылатын көрсеткіштер.

3. Медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасының сараптамасы ішкі және сыртқы болып бөлінеді.

4. Медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын сараптаудың негізгі кезеңдері:

1) денсаулық сақтау ұйымдарының белгілі бір жұмыс кезеңіндегі қызметінің көрсеткіштерін жұмысының алдыңғы ұқсас кезеңіндегі көрсеткіштерімен, сондай-ақ халық денсаулығының жағдайының республикалық және облыстық көрсеткіштерімен салыстыру үшін есепке алу және есептілік құжаттамаларын талдау;

2) жүргізілген емдеу-диагностикалық іс-шаралардың егжей-тегжейлі ретроспективалық және (немесе) ағымдағы талдауын зерделеу арқылы олардың Стандарттарға сәйкестік мәніне клиникалық аудит жүргізу;

3) сараптама нәтижелерін қорыту болып табылады.

5. Есепке алу және есептілік құжаттамаларын талдау ұйымдардың белгілі бір жұмыс кезеңіндегі қызметінің көрсеткіштері алдыңғы ұқсас кезеңдегі

көрсеткіштермен, сондай-ақ халық денсаулығының жағдайының республикалық және облыстық көрсеткіштерімен салыстырылады.

6. Клиникалық аудит жүргізу кезінде:

1) анамнез жинау сапасы, ол мынадай өлшемшартпен бағаланады:

а) анамнез жинаудың болмауы;

б) анамнезді жинау толықтығы;

в) бастан өткерген созылмалы аурулар және тұқым қуалаушылық аурулар туралы, жүргізілген гемотрансфузиялар, дәрілік препараттарға төзімділігі аллергологиялық статусы туралы деректердің болуы;

г) нақты жағдайды түсіндіруде елеулі мәні бар жеке жағдайлары туралы деректердің болуы;

д) анамнезді сапасыз жинау салдарынан емдеу-диагностикалық іс-шараларды жүргізуде жол берілген тактикалық қателер салдарынан асқынудың дамуы;

2) диагностикалық зерттеулер жүргізудің толықтығы мен негізділігі, ол мынадай өлшемшарт бойынша бағаланады:

а) диагностикалық іс-шаралардың болмауы;

б) емдеу тактикасындағы қателер және диагнозды дұрыс қоймауға алып келген жүргізілген диагностикалық зерттеулер нәтижесі бойынша қорытындының болмауы немесе дұрыс емес қорытынды;

в) клиникалық хаттамаларда көзделген диагностикалық зерттеулерді жүргізу;

г) хаттамаға енбеген диагностикалық зерттеулерді жүргізу негіздемесі, пациенттің денсаулық жағдайының қаупі жоғары болған жағдайда қосымша зерттеулер мен диагностикалық емшараларды жүргізу;

д) дұрыс диагноз қою үшін ақпараты толық емес және емдеу мерзімдерін негізсіз ұзартуға және емдеу құнының қымбаттауына әкелген диагностикалық емшаралар мен қосымша зерттеулер жүргізу;

3) жүргізілген зерттеулер нәтижелерін есепке ала отырып, қойылған клиникалық диагноздың дұрыстығы, уақытылығы мен негізділігі (жоспарлы емдеуге жатқызғанда емдеуге жатқызуға дейін жүргізілген зерттеулер де ескеріледі), ол мынадай өлшемшарт бойынша бағаланады:

а) диагноз жоқ, толық емес немесе дұрыс қойылмаған диагноз, аурулардың халықаралық жіктемесіне сәйкес келмейді;

б) ауру ағымының ауырлығын анықтайтын негізгі патологиялық синдром анықталмаған, қосалқы аурулар мен асқынулар анықталмаған;

в) диагноз дұрыс, бірақ толық емес, асқынулар анықталғанмен негізгі патологиялық синдром анықталмаған, нәтижесіне әсер ететін қосалқы аурулар анықталмаған;

г) негізгі аурудың диагнозы дұрыс, бірақ қойылған емдеу нәтижесіне әсер ететін қосалқы аурулар диагностикаланбаған.

Дұрыс емес және (немесе) уақытылы емес диагностиканың объективті себептері (негізгі аурудың атипиялық ағымы, қосалқы аурулардың симптомсыз ағымы, сирек кездесетін асқынулар мен қосалқы аурулар) сараптама нәтижелерінде айқындалады. Дұрыс және (немесе) уақытылы диагноз қойылмаған кезде медициналық көмек көрсетудің одан арғы кезеңдеріне әсерін бағалау жүргізіледі;

4) бейінді мамандар консультацияларының уақытылығы мен сапасы, ол мынадай өлшемшарт бойынша бағаланады:

а) аурудың нәтижесіне теріс әсер еткен, симптомдар мен синдромдарды қате түсіндіруге әкелген консультацияның болмауы (өткізілмеген);

б) консультация уақытылы өткізілді, диагноз қою кезінде консультанттың пікірі ескерілмегендіктен, аурудың нәтижесіне ішінара әсер етті;

в) консультация уақытылы өткізілген, диагноз қою кезінде консультанттың пікірі ескерілді, емдеу кезінде консультанттың ұсынымдарының орындалмауы аурудың нәтижесіне ішінара әсер етті;

г) консультанттың пікірі қате және аурудың нәтижесіне әсер етті.

Консультация кешіктіріліп жүргізілген жағдайда, консультацияны уақытылы жүргізбеу себептерінің объективтілігін және диагнозды уақтылы қоймаудың медициналық қызметтерді көрсетудің одан арғы кезеңдеріне ықпал етуін бағалау жүргізіледі;

5) емдеу іс-шараларының көлемі, сапасы мен өткізу негізділігі, ол мынадай өлшемшарт бойынша бағаланады:

а) көрсетілімдері болған жағдайда емнің болмауы;

б) көрсетілімдерсіз емді тағайындау;

в) ауру ағымының ерекшелігі, қосалқы аурулар мен асқынулар ескерілмей тиімділігі төмен емдеу іс-шараларын тағайындау;

г) ағзалар мен жүйелердің функциялық жағдайы, клиникалық тиімділігі дәледенбеген дәрілік заттарды тағайындау ескерілмей, емдік іс-шаралардың толық көлемде орындалмауы;

д) Кодекстің 93-бабының 3-тармағына сәйкес емдеуден пациенттің бас тарту жағдайы құжатпен ресімделгеннен басқасы клиникалық әсерін толық бағаламау және (немесе) ауру ағымының ауырлауы кезінде емдеуді уақытынан бұрын тоқтату;

е) Стандарттар талаптарының сақталмауы, клиникалық хаттамалардан ауытқу, дәрі-дәрмектердің ауыр жанама әсері және жаңа патологиялық синдромның дамуы ескерілмегендіктен полипрагмазияның болуы;

ж) Стандарттар талаптарының сақталмауы, клиникалық хаттамалар талаптарынан толық ауытқу, жаңа патологиялық синдромның дамуына және пациенттің жағдайының нашарлауына әкелген полипрагмазияның болуы;

б) медициналық араласулардан кейінгі асқынулардың болмауы немесе дамуы, ол бойынша бағалауға барлық туындаған асқынулар, сонымен бірге операциялық араласу (кешіктірілген операциялық араласу, барабар емес көлем мен әдіс, техникалық кемшіліктер) және диагностикалық емшаралар жатады;

7) қол жеткізілген нәтиже, ол мынадай өлшемшарт бойынша бағаланады:

а) медициналық қызметтерді көрсету технологиясын сақтау кезінде күтілетін клиникалық әсерге қол жеткізу;

б) анамнезді сапасыз жинау және диагностикалық зерттеулерді өткізу салдарынан емдеу және профилактикалық іс-шаралардың клиникалық әсерінің болмауы;

в) ауру ағымының ерекшеліктерін, қосалқы ауруларды, асқынуларды, дәрілік заттардың әсері тетіктерінің ерекшеліктерін ескермей тиімділігі аз емдік, профилактикалық іс-шараларды өткізудің салдарынан күтілетін клиникалық әсердің болмауы;

г) қажетсіз салдардың дамуына негіз болған полипрагмазияның болуы;

8) медициналық құжаттаманы жүргізу сапасы, ол Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарына сәйкес (бұдан әрі – № 907 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) жазбалардың болуы, толықтығы және сапасы бойынша бағаланады.

Амбулаториялық-емханалық көмек деңгейінде қосымша диспансерлік, профилактикалық және оңалту іс-шаралары және скринингтік зерттеулер бағаланады.

7. Сараптаманың аяқталуы бойынша нәтижелер қорытылады және тұжырымдар шығарылады:

1) Стандарттар талаптарына көрсетілген медициналық көмектің сәйкестігі (сәйкессіздігі) туралы;

2) пациентке мемлекет кепілдік берген көлемде тегін медициналық көмек ұсыну туралы.

8. Медициналық қызметтердің сапасына сараптама:

1) қажет болған жағдайда пациенттің қатысуымен ағымдағы талдау;

2) ретроспективті талдау жүргізу жолдарымен жүзеге асырылады.

Сараптама жүргізу кезінде ақпарат көзі ретінде медициналық құжаттар және денсаулық сақтау саласындағы электрондық ақпараттық ресурстар пайдаланылады.



## **2-тарау. Медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі**

9. Медициналық ұйымдарда ішкі сараптаманы ұйымдастыру және өткізу үшін пациенттерді қолдау және ішкі бақылау (аудит) қызметі құрылады.

10. Қызметтің құрылымы мен құрамын стационарлық көмек көрсететін ұйымдар үшін медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемін, бейінін, қуатын (төсек санын), амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар үшін бекітілген (қызмет көрсетілетін) халық санын ескеріп, денсаулық сақтау ұйымдарының басшысы бекітеді.

11. Қызмет пациенттердің және (немесе) олардың туыстарының көрсетілетін медициналық көмек деңгейі мен сапасына қанағаттану дәрежесін сауалнама және медициналық көрсетілген қызметтердің сапасына негізделген өтініштерді талдау жүргізу жолымен айқындайды.

12. Қызмет денсаулық сақтау ұйымы көрсеткен медициналық көмек мәселелері бойынша өтініштерді тәжірибелі мамандар ішінен комиссия құрып қарайды.

13. Денсаулық сақтау ұйымының қызметін бағалауды тұтастай және ұйымның әрбір құрылымдық бөлімшесі бойынша ішкі индикаторларды бағалау негізінде, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Қызмет жүзеге асырады. Медициналық ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары Қызметке ай сайын басшымен бекітілген кесте бойынша медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау индикаторлары бойынша мониторинг нәтижелерін ұсынады.

14. Ішкі сараптама ретроспективті және пациенттер медициналық көмек алған кезден бастап жүргізіледі.

15. Пациенттерді қолдау қызметі:

1) стационарлық немесе стационарды алмастыратын көмек көрсететін ұйымдарда айына кемінде 15% емделіп шыққан жағдайларға, сондай-ақ барлық жағдайларға:

өлім жағдайлары;

асқынулар, оның ішінде операциядан кейінгі;

ауруханаішілік инфекциялар;

алдыңғы емнің сапасыз болуы салдарынан бір айдың ішінде сол бір ауру бойынша қайта емдеуге жатқызу;

емдеу мерзімдерін ұзарту немесе қысқарту;

диагносттардағы айырмашылықтар;

негізсіз емдеуге жатқызу;

2) амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдарда:

айына кемінде 10% емделіп шыққан жағдайларға:

емделіп шыққан жағдайлар;

инфекциялық ауруларға қарсы иммундауға жататын тұлғалардың амбулаториялық карталары;

сондай-ақ барлық жағдайларға:

ана өлімі;

0 жастан бастап 5 жасқа дейінгі балаларды қоса алғанда, үйінде қайтыс болу; еңбекке жарамды жастағы адамдардың үйінде қайтыс болуы;

ауруханаішілік инфекциялар;

"Қарсы профилактикалық егу жүргізілетін аурулардың тізбесін, оларды жүргізу ережесін және халықтың жоспарлы егілуге жатқызылатын топтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2295 қаулысына сәйкес (бұдан әрі - № 2295 қаулы) уақытылы вакцина алмау немесе инфекциялық ауруларға қарсы вакцинаның болмауы;

онкологиялық аурулар мен туберкулездің асқынған түрлері;

еңбекке жарамды адамдардың алғаш мүгедектікке шығуы;

алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін ұйым деңгейінде алдын алуға болатын жүктіліктің асқинуы;

стационардан шығарылғаннан кейін пациенттерді (балаларды, босанудан кейінгі кезеңдегі әйелдерді (42 күнге дейін), қан айналым жүйесі аурулары бар науқастарды (инсульттан, инфаркттан кейінгі науқастар) бақылау;

3) жедел медициналық көмек ұйымдарында, тоқсан ішінде кемінде 20% қызмет көрсетілген шақыруларға, сондай-ақ барлық жағдайларға:

бірінші шақыру тәулік ішінде бір ауру бойынша бір пациентке қайта шақырулар;

шақыру кезінде өліммен аяқталу жағдайы: бригада келгенге дейінгі өлім, бригада келген кездегі өлім;

науқастарды емдеуге жатқызу жағдайында жедел жәрдем бригадасы мен стационар қойған диагноздардың айырмашылығы;

4) қалпына келтіру емі және медициналық оңалту ұйымдарында – барлық жағдайларға:

өлім жағдайлары;

аурухана ұйымдарына емдеуге жатқызу;

емдеу мерзімдерін ұзарту немесе қысқарту;

жарақаттану;

ауруханаішілік инфекциялар;

5) паллиативтік көмек және мейіргерлік күтім ұйымдарында – барлық жағдайларға:

өліммен аяқталу;

ауруханаішілік инфекциялар;

ауруханалық жарақаттануға сараптама жүргізіледі;

б) қан қызметі саласында жұмыс істейтін ұйымдарда бір тоқсандағы донорлардың медициналық картасының кемінде 20%-ына сараптама жүргізіледі, сондай-ақ "Қанды, оның компоненттерін дайындау, өңдеу, сақтау, өткізу номенклатурасын сондай-ақ, қанды, оның компоненттері мен препараттарын сақтау, құю ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 6 қарашадағы № 666 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5925 болып тіркелген, қанды, оның компоненттерін дайындау, өңдеу, сақтау, өткізу, құю ережелерінің сақталуына бақылау жүргізіледі.

16. Қызмет ай сайын орта медицина қызметкерінің медициналық құжаттаманы толтыру сапасына емделіп шыққан жағдайлардың кемінде 10 %-ға сараптама жүргізеді.

17. Медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасына ішкі сараптама:

әрбір медицина қызметкері деңгейінде (өзін-өзі бақылау);

құрылымдық бөлімше деңгейінде;

емдік-профилактикалық жұмыс жөніндегі орынбасар деңгейінде де жүзеге асырылады.

18. Ішкі сараптаманы өзін-өзі бақылау деңгейінде барлық емделіп шыққан жағдайлар бойынша бөлімшенің әрбір дәрігері, әр мейіргері жүзеге асырады.

Өзін-өзі бақылау медицина қызметкерлерінің нақты білімінде және өздерінің функционалдық міндеттерін, Стандарттарды орындауда айқындалады және медициналық қызметті көрсету процесіндегі ауытқуларды анықтауға және жоюға бағытталған.

19. Құрылымдық бөлімшелер деңгейіндегі ішкі сараптаманы барлық емделіп шыққан жағдайлар бойынша бөлімше меңгеруші жүргізеді.

20. Басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары деңгейінде ішкі сараптама айына кемінде 25% емделіп шыққан жағдайлар қамтылып жүргізіледі.

21. Медициналық көрсетілетін қызметтердің сыртқы сараптамасы шеңберінде орта медицина қызметкерлерінің жұмыс сапасын бағалау жүзеге асырылады және:

1) құрылымдық бөлімшелердің аға мейіргерлерінің жұмыс сапасын бағалауды;

2) құрылымдық бөлімшелердің орта медицина қызметкерлерінің жұмыс сапасын бағалауды қамтиды.

22. Аға мейіргерлердің жұмысын бағалау мына бағыттар бойынша жүргізіледі:

1) кадрлық жоспарлау, орта және кіші медицина қызметкерлерін оңтайлы орналастыру және пайдалану бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

2) орта медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, қайта даярлау, біліктілігін бағалау және санатының үлес салмағы бойынша ұйымдастырушылық іс-шаралар;

3) бөлімшелерде эпидемияға қарсы іс-шараларды бақылауды жүзеге асыру;

4) орта медицина персоналының операциялық емшаралардың манипуляциясы мен стандарттарын орындауды ұйымдастыру;

5) "Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сақтау мен тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 262 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11191 болып тіркелген (бұдан әрі - № 262 бұйрық) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сақтау мен тасымалдау қағидаларының сақталуын бақылау.

23. Құрылымдық бөлімше деңгейінде орта медицина қызметкерлерінің жұмысын бағалауды аға мейіргерлер жүзеге асырады.

24. Құрылымдық бөлімшелердің орта медицина қызметкерлерінің жұмысының сапасын бағалау:

1) медициналық құжаттаманы толтыру толықтығы мен уақытылығы;

2) дәрігер тағайындаған емнің орындалу толықтығын, уақытылығын және сапасын;

3) операциялық емшаралар стандарттарының орындау білу білімі мен дағдыларын;

4) пациенттермен және әріптестермен қарым-қатынас жасай білуді;

5) мейіргердің манипуляцияларынан кейін асқынулардың болмауын;

6) № 262 бұйрықпен бекітілген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сақтау мен тасымалдау қағидаларын сақтауды және білуді;

7) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 48 бұйрығымен бекітілген "Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларға сәйкес Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10388 болып тіркелген, медициналық мақсаттағы бұйымдарды дезинфекциялау және стерильдеу режимін, стерильді материалды сақтау мерзімдерін сақтау және оны білуді;

8) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 127 бұйрығымен бекітілген "

Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10713 болып тіркелген, медициналық қалдықтарды жинау, уақытша сақтау, зарарсыздандыру, жою талаптарын сақтау және оны білуді;

9) пациенттерді жалпы күту сапасын (баздану, тесілген, ойылған жара) бағалауды;

10) кезек күттірмейтін дәрігерге дейінгі медициналық көмекті көрсете білуді;

11) орта медицина персоналына пациенттердің жасаған өтініштерін (шағымдарын) талдауды қамтиды.

25. Денсаулық сақтау ұйымының бас мейіргері емделіп шыққан жағдайлардың кемінде 10% -на орта медицина қызметкерлерінің медициналық құжаттаманы толтыру сапасына сараптама жүргізеді.

26. Қызмет медициналық қызметтерді көрсету кезінде (емдік, диагностикалық), медициналық құжаттаманы ресімдеуде кемістіктерге, медициналық көрсетілетін қызметтерді немесе медициналық қызмет көрсету технологияларын таңдау кезінде қателіктерге жол берген медицина қызметкерлерімен кемістіктердің туындау және оларды жою жолдарының себептері бойынша түсіндірме жұмысын жүргізеді.

Басқару шешімдерін қабылдауды талап ететін кемістіктерге жол берілген жағдайлар (қосымша оқуға, медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, дәрілік препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық жабдықты сатып алу курстарына жіберу) басшылықтың қарауына шығарылады.

27. Ішкі сараптама нәтижелері бойынша Қызмет қорытынды жасайды және талдайды. Жүргізілген сараптама қорытындылары бойынша жалпы дәрігерлердің, мейіргерлердің және денсаулық сақтау ұйымы және құрылымдық бөлімшелерінің қызметі бағаланады. Басқарушылық шешім қабылдау үшін:

1) анықталған бұзушылықтардың жалпы саны, олардың құрылымы, болуы мүмкін себептері мен оларды жою жолдары;

2) медициналық көмек көрсетуге жұмсалатын шығыстардың көбеюіне әкелген анықталған ауытқулар саны белгіленеді.

28. Ішкі сараптама нәтижелері Қызметтің отырысында қаралады, ауруханаішілік комиссияның отырыстарында, дәрігерлік конференцияларға шығарылып, талқыланады.

Ауруханаішілік комиссиялардың құрамына бірінші және жоғары біліктілік санаттары бар құрылымдық бөлімшелердің меңгерушілері (бейінді бөлімшелердің), мамандығы бойынша практикадағы жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл дәрігерлер кіреді.

### 3-тарау. Сыртқы сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібі

29. Сыртқы сараптаманы МФҚБК және оның аумақтық департаменттерінің мамандары және (немесе) тәуелсіз сарапшылар жүзеге асырады.

30. Сыртқы сараптаманы МФҚБК және оның аумақтық департаменттері, сонымен қатар Кодекстің 58-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес тәуелсіз сарапшыларды тартумен жүзеге асырылады.

31. МФҚБК және оның аумақтық департаменттерінің мамандары жүргізетін сыртқы сараптамаға мыналар жатады:

1) стационарлық көмек көрсететін ұйымдарда:

мынадай жағдайлардың 100 %-ы:

өлім жағдайларының тіркелген жағдайлардың жалпы саны;

ауруханаішілік инфекциялардың тіркелген жағдайларының жалпы саны;

мынадай жағдайлардың кемінде 50 %-ы:

асқынулар, оның ішінде операциядан кейінгі;

алдыңғы емнің сапасыз болуының салдарынан бір айдың ішінде сол бір ауру бойынша қайта емдеуге жатқызу;

емделіп шыққан науқастар санынан әрбір стационар бөлімшелері бойынша стационарлық науқастың медициналық карталарының кемінде 10 %-ы;

2) амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдарда:

мынадай жағдайлардың 100 %-ы:

ана өлімінің тіркелген жағдайларының жалпы саны (жазатайым оқиғаларды қоспағанда);

ауруханаішілік инфекциялардың тіркелген жағдайларының жалпы саны;

0 жастан бастап 5 жасқа дейінгі балаларды қоса алғанда (жазатайым оқиғаларды қоспағанда), үйінде қайтыс болғандар;

еңбекке жарамды жастағы адамдардың үйде қайтыс болуы;

онкологиялық аурулар мен туберкулездің асқынған түрлері;

тіркелген жағдайлардың жалпы санынан мынадай жағдайлардың кемінде 50 %-ы жүктілік кезіндегі асқынулар (ауыр деңгейдегі гестоздар, босанудағы, акушерлік қан кетудегі асқынулар, гистерэктомия);

еңбекке жарамды жастағы адамдардың алғаш мүгедектікке шығуы;

стационардан шыққаннан кейін қан айналым жүйесі ауруларымен (инфаркт, инсульттерден кейінгі), онкологиялық аурулармен пациенттерді байқау;

№ 2295 қаулымен бекітілген 5 жасқа дейінгі балалардың ауруларға қарсы уақытылы вакцина алмауы немесе профилактикалық екпелердің болмауы;

әрбір бөлімшеден және (немесе) бейінді мамандардан алынған амбулаториялық науқастардың кемінде 10 медициналық картасы;

инфекциялық ауруларға қарсы иммундауға жататын 5 жасқа дейінгі балалардың (баланың даму тарихы) кемінде 10% медициналық картасы;

3) қан қызметі саласында қызметті жүзеге асыратын ұйымдарда тегін және ақылы негізде қан тапсырушы донорлардың кемінде 50 медициналық картасы;

4) жедел медициналық көмек ұйымдарында:

тіркелген жағдайлардың жалпы санынан мынадай жағдайлардың кемінде 50 %-ы:

бір тәулік ішінде бір ауру бойынша қайта шақыртулар;

